

ГУМАНИТАРЛЫ-ЗАŃ ФАКУЛЬТЕТИ
АЙМАҚТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫ

«Тұран» университеті» мекемесінің
Ғылыми кеңесі мәжілісінде
Бекітілді
«___»___ 2017 ж. № ___ хаттама

ОӘК мәжілісінде келісілді
«___»___ 2017 ж. № ___ хаттама
ОӘЖ жөніндегі проректор
_____ Абдиев К.С.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық атауы және шифры: 5B020200 «Халықаралық қатынастар»
Академиялық дәрежесі: бакалавр

Құрастырылды		Келісілді		
Аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі және атағы		ОӘЖ жөніндегі проректор	Абдиев К.С.	
1. Калпетходжаева С.К., «Аймақтану және ХҚ» ф.ғ.к., доцент, кафедрасының меңгерушісі 2. Самай А.Д, с.ғ.к., доцент 3. Камалов А.К., т.ғ.д.		Сыртқы байланыс, халықаралық аккредитация және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бойынша проректоры	Тусупова Л.А.	
		Балон үдерісі мен қашықтан білім беру орталығының директоры	Паршина Г.Н.	
		Факультет деканы	Алаева Г.Т.	
		ҚҚ «Будущее в руках молодежи» директоры	Ливинская Н.И.	

Қаралды
«Аймақтану және ХҚ» кафедрасының отырысында
«___»___ 2017 ж. № ___ Хаттама

Кафедра меңгерушісі: _____ Калпетходжаева С.К.

Алматы, 2017

Оқу бағдарламасының құрылымы

1	Оқу бағдарламасының жалпы жағдайы	
1.1	Түсініктеме жазба хат	
1.2	Оқу бағдарламасының мақсаты	
1.3	Кәсіби қызмет аймағының сипаттамасы	
1.4	Оқу бағдарламасына тапсырушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	
2	Құзыреттілік термині төңірегінде оқытудан күтілетін нәтижеге қойылатын талаптар	
2.1	Әмбебап (жалпы мәдени) құзыреттілік: жалпы ғылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпы мәдени	
2.2	Пәндік-мамандандырылған (кәсіби) құзыреттілік: жалпы кәсіби, профилді және арнайы	
2.3	Бітірушінің мамандандырылған моделі	
2.4	Құзыреттілік матрицасы	
3	Оқыту нәтижесін бағалау саясаты (ағымдық, аралық және қорытынды бақылау)	
4	Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мазмұны	
4.1	Оқытудың барлық мерзіміне бакалавриат білім беру бағдарламасының оқу жоспары (модулді жүйе бойынша)*	ТУ Ф 705–15–13 (бакалавриат)
4.2	Білім беру модулдерінің каталогы (міндетті, жалпы университеттік, элективті)	ТУ Ф 705–23–15

* Пререквизит, еңбексыйымдылығы есебінен оқу жылы бойынша модулдерді бөлуді және қызмет түрлері бойынша оқу жүктемесін бөлуді қосады

1. Оқу бағдарламасының жалпы жағдайы

1.1 Түсініктеме жазба хат

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы рөлі мен беделі Қазақстанның 2010ж ЕҚЫҰ-на басшылық етуі және Ислам елдері конференциясына кіруі Қазақстанда халықаралық қатынастар аумағында жоғары мамандарды дайындауды талап етті. Халықаралық мамандар тек Қазақстанға ғана емес бүкіл Орталық Азия елдеріне қажетті. Халықаралық мамандарды дайындау «Қазақстан-2050» стратегиясында да айтылған болатын.

Орталық Азияның ішкі саудасын дамыту үшін «Тұран» Университеті Халықаралық қатынастар мамандығындағы(бакалавриат, магистратура) студенттерді дайындауда. Университет «Халықаралық қатынастар» мамандығының бакалаврларын 2008ж, магистранттарын 2010ж бастап дайындауды бастады.

Университет «Халықаралық қатынастар» дайындауда үлкен тәжірибесі бар және ғылыми- оқу бағдарламаларын 5В020200 «Халықаралық қатынастар» және 6М020200 «Халықаралық қатынастар» дайындауда тәжірибесі мол.

«5В020200 – Халықаралық қатынастар» бакалавр мамандарын дайындау мемлекеттік лицензия Серия АА № 0000070 от 12.12.2001 (Бұйрық МОН РК №870 15.07.2008) және Мемлекеттік лицензия нұсқамасы №0102045 16.07.2008, Бұйрық МОН РК №870 15.07.2008 (жаңартылған Мемлекеттік лицензия нұсқамасы №15001575 05.02.2014).

Оқу бағдарламасы келесі оқу түріне қарай құрылған: күндізгі бөлім- 4 жыл, қысқартылған мамандырылған оқу түрлері: күндізгі- 3 жыл, сырттай- 3,2 жыл; жоғары мамандырылған оқу түрі – 2 жыл. Оқу тілдері – қазақша, орысша, ағылшынша. Бітірушілерге 5В020200 – Халықаралық қатынастар академиялық деңгей қосылады. Мамандарды дайындау ісін филос.ғ.к., доцент, басқаратын «Аймақтану және халықаралық қатынастар» кафедрасы іске асырады.

1.2 Оқу бағдарламасының мақсаты

Университеттің мақсаты- мәдениет, білім, ғылым қоғам үшін. Осы мақсатқа қосыла отырып университет сапалы және білімді бітірушілерді дайындау.

Оқу бағдарламасының мақсаты халықаралық қатынастар аймағында мамандар дайындаумен байланысты. Ол студенттердің жеке тұлға ретінде дамуына ГОСО сәйкес сапалы мамандар дайындау.

5В020200- Халықаралық қатынастар оқу бағдарламасының мазмұны бағдарламаның атына сәйкес анықталады. Мақсатты орындау жолында барлық қажеттіліктер, қызығушылықтары, алға жылжушылығы есепке алынды. Оқу бағдарламасы мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай болуын алға қойды.

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастарда жоғары мамандырылған маман дайындау талаптарына сай келеді. Халықаралық қатынастар мамандары тек Қазақстанда ғана емес Орталық Азия елдерінде де қажеттіліктер тудыруда.

«Халықаралық қатынастар» оқу бағдарламасының бағыты халықаралық қатынастардың барлық талаптарына жауап бере алатын жоғары мамандырылған Қазақстанның сыртқы саясатын тиімді жолға түсіру және халықаралық аренада мемлекеттің қызығушылықтырын қорғай білетін маман дайындап шығу

Оқу бағдарламасының мақсаттары:

- гуманитарлы, әлеуметтік, экономикалық білім саласын дамыту;
- жоғары мамандырылған білім беру.

Оқу бағдарламасының тәрбиелік мақсаты әлеуметті-жеке қасиеттерін дамыту: алға қойған мақсатына жете білетін, жалпымәдени құндылықтар, әлеуметтік жағдайға сіңісу, еңбекқорлық, жауапкершілік, әлеуметтік жағдайды түсіне білетін маман дайындау.

Университет барлық жақтың ұсыныстарын анкета алу арқылы және сұрау арқылы іске асырады.

1.3 Кәсіби қызмет аймағының сипаттамасы

1.3.1 Профиль бойынша бакалавр қызметінің жалпы аймағы

«Халықаралық қатынастар» мамандығының бакалавр бөлімінің шеңбері : халықаралық қатынастар жүйесі, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер, әлемдік саясаттың дамуындағы тенденциялар мен қиындықтар, Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мәселесі, ҚР-ның басқару жүйесі болып табылады.

1.3.2. Кәсіби қызмет объектілері

«Халықаралық қатынастар» мамандығының бакалавр оқу бөлімінің оқу бағдарламасына: әлемдік саясат, қазіргі кездегі қақтығыстар және оны шешу жолдары, геосаясаттың негізі, дипломатиялық этикет және протокол, дипломатия тарихы, әлемдік одақтардың жүйесі, халықаралық қатынастар, қазіргі кездегі ғаламдық мәселелер кіреді.

1.3.3. Кәсіби қызмет түрлері

5B020200 «Халықаралық қатынастар» мамандығының бакалавр бөлімінің студенттері заманауи талаптарға сай болуы керек. Олар келесі талаптарға сай боуы керек:

Ақпараттық-шығармашылық – жоғары мамандырылған деңгейді иелене отырып, барлық ақпараттарды (БАҚ, Интернетта т.б.) қолдана білу және орын алып отырған жағдайларды шынайылыққа айналдыра білу

Ақпараттық-референттік – ақпараттарды шығармашылық тұрғыда, тәуелсіз және орынды қолдана отырып, реферет, хаттарға, справкалар мен докладтарға тіркей білу.

Ақпараттық-аналитикалық – ақпараттарды толықтыра отырып, оқиғаға қатысты дұрыс анализ жасай білу.

Басқарушылық – ұйымдастырушылық жұмыстарын ішкісаясат бөлімімен, департаменттермен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ведомстволармен жүргізу, ұжым атынан дұрыс шешімдер қабылдай білу.

Ғылыми-зерттеушілік – ғылыми және зерттеушілік қасиеттері бола отырып, халықаралық қатынастар маманы өз білімін аспирантура және докторантура оқу бөлімінде диссертация жазу үшін жалғастыра алады.

Ақпараттық-эксперттік – халықаралық қатынастар аймағындағы сұрақтар, дипломатия, ішкі және сыртқы саясат мәселелерінде ақпараттар тарата отырып эксперт рөлінде болу.

Ғылыми – гуманитарлы мәселелерде шешуде әлеуметтік жауапкершілік алып жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқару.

Ғылыми – мамандырылған білім беру жүйесінің мазмұны жоғары оқу орнымен бекітіледі.

1.3.4. Кәсіби қызметтің тапсырмалары

5B020200 «Халықаралық қатынастар» бакалавр бөлімі маман дайындауда келесі мамандырылған мақсаттарға сүйенеді:

- алған білімді тәжірибеден өткізу, мамандырылған аймақта қолдану;
- мемлекеттік және шет тілін меңгеру, аудармаларда қолдану;
- мамандық жолын шетел тілі кеңістігінде іске асыру, оқытылған шетел тілі тиімді қолдану;
- дипломатиялық құжаттарды толтыра және құрастыра білу, ақпараттық және аналитикалық құжаттар дайындай білу.

1.4 Оқу бағдарламасына қабылданған студентке қойылатын талаптар

ҚР-ның Білім туралы 1 тармағының мәтіні бойынша: мамандандырылған оқу орындары жоғары деңгейдегі бакалавр мамандарын дайындау, кейіннен деңгейін көтеру курстарына қатысу. Бакалавр деңгейін меңгерген кез келген маман өз қызметіне кірісе алады.

Жалпы кәсіптік бағдарламаның қорытындысы оның алған білімімен, ойлау және жеке қасиеттерімен анықталады. Жалпымәдени және кәсіптік білім кафедрада жасалынған түлектің нұсқасынан көрінеді. Түлектің нұсқасына сәйкес, халықаралық қатынастардың бакалавры жоғары білімді адам болуы керек, ол әрқашан мемлекеттің сыртқы саясатын бағыттаушысы екенін қмытпауы керек.

2 Құзыреттілік термині төңірегінде оқытудан күтілетін нәтижеге қойылатын талаптар

2.1 Әмбебап (жалпымәдени) құзыреттіліктер: жалпы ғылыми, инструменталистік, әлеуметтік-тұлғалық, жалпы мәдени

Оқытылудың қорытындылары Дублиндік дескрипторлардың бакалавр деңгейімен анықталады және құзыреттілік арқылы білінеді. Оқытылудың қорытындысы барлық бағдарламаның деңгейімен іске асырылады.

Бірінші деңгейдегі Дескрипторлардың қабілеттіліктері:

- 1) Оқытылған саланы толық меңгеруімен байқалады, осы саланың ең басты бағдарламаларын меңгеру;
- 2) Білімді қабылдай білу және кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) Оқытылған саланың мәселелері мен зерттеулерін бөле білу;
- 4) Әлеуметтік, этикалық, ғылыми саласындағы ақпараттарды қолдана білу;
- 5) Ақпаратты, мәселелерді, шешімдерді мамандар мен бұл саланың мамандары емес адамдарға түсіндіре білу.

ЖОО-ның бітірген түлекке келесі құзыреттіліктер талап етіледі: ақпараттық-шығармашылық, ақпараттық-референттік, басқарушылық, ақпараттық-эксперттік.

Жалпымәдени құзыреттіліктің талаптары:

- негізгі жекеаралық сұхбаттасу және ұжымдық жұмыста істей білу қабілеті, этикалық және құқықтық нормаларды білу, қоғамда және кәсіби қызметте қолдана білу;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеру, ұлтаралық тілдерді меңгеру, шетел тілінің біреуін ОК-2 деңгейінде білу керек;
- Құзыреттіліктің деңгейін тұтынушы ретінде ОК-3 деңгейінде білу;
- дипломатиялық жұмыстарды сәтті атқаруда өзінің жеке қабілеттерін көрсете білу: шынайылық, дәлдік, шыдамдылық, бірегей мінез, қарапайымдылық, өзіне ОК-4 сенімділігін тудыра білу;
- ОК-5 аймағындағы мемлекеттер жағдайына әлеуметтік-экономикалық жағынан теоретикалық тұрғыда талдау жасай білу;
- мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттық жүйені білу және оларды ОК-6 жұмысында қолдана білу;
- әлемдік өндірістің дамуына, демография және экология мәселелеріне көп көңіл аудару ОК-7;
- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, жинақтың әдістемелерін меңгеру, заманауи ақпараттық технологияларды қолдана білу, ЭФВМ және ОК-8 компьютерлік бағдарламаларын жетік меңгеру;
- ұжымдық жұмысқа дайын болу, басқарушылық шешімдер қабылдай білу, білімін жоғарылатуға ОК-9 тырысу;
- демократиялық қоғамның құндылықтарына бой үйрете білу ОК-10.

Әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлінің дайындығына, жағрафиялық және әлеуметтік мобильділік шарттарының жоғарылауына, өзгеруіне талап қояды:

- заманауи ақпараттық ағынға ілесе білу және тез өзгеретін құбылыстар мен ОК-11 әлемдік экономикалық процестерге бой үйрету;
- кәсіби қызметтегі әртүрлі жағдайларда ОК-12 сай шешімдер қабылдау;
- экономикалық процестер қарсаңында ОК-13 ке сай шешімдер қабылдау қабілетіне ие болу.

Түлектің ақпараттық құзыреттіліктеріне жатады:

- ақпараттың заманауи ИК-1 жүйесінде шынайылығын түсіну
- негізгі әдістемелерді білу, оларды алу, сақтау, ақпаратты қайта қарау, ИК-2 басқарушылық құралдарды қолдану қабілетіне ие болу;
- жахандық ақпараттармен ИК-3 жүйесіндегі компьютермен жұмыс жасай білуі;
- ақпараттарды әр түрлі көзқарастар арқылы ИК-4 бөле білу, талдау;
- қабылданған ақпаратты ИК-5 бағалай білу;

Түлектің коммуникативті құзыреттілігіне жатады:

- КК-1 жекеаралық қатынастар мен эмоционалдық этикаға ие;
- КК-2 ұлтаралық ортада тіл табыса білу әдістеріне ие;
- шет елдің жергілікті мәдениетін КК-3 қолдана білу;
- шет мемлекетте КК-4 шарттарына сай бой үйрете білу;
- қақтығыстарды шешуде КК-5 жолдарын табу;
- көшбасшылық қабілеттерін КК-6 көрсете білу;
- әртүрлі топтағы (жасына, тегіне, беделіне) қарай КК-7 қатынаса білу;
- мемлекет аралық байланыста аяси ұжымдық мәдениетке ие (формальды және формальды емес) КК-8 келісімдерге келу.

Түлектің әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктеріне:

- халықаралық құқықтың негізгі құқықтарын және негізгі құқықтық принциптарын білу, СК-1 халықаралық қатынастарды жүзеге асыру;
- тәжірибеде өзінің заңды құқықтарын қорғай білу, жеке бас мәселесін, басқа этникааралық және ұлтаралық СК-2 қорғай білу;
- халықаралық байланыстың негізгі заңдарын білу, түсіну, талдай жасау, СК-3 басқа елдердің және ҚР-ның сыртқы саясатына әсерін білу;
- қоғамдық ұйымдарға СК-4 мүше болу;
- бағалы байланыста өзінің жағын СК-5 қорғай және қайта қарата білу.

2.2 Пәндік-мамандандырылған құзыреттіліктер: жалпыкәсіптік, жекелік, арнайы «Халықаралық қатынастар» мамандығының арнайы құзыреттіліктері кәсіби стандарттарға жұмыс беруші мен әлеуметтік сұраныс талаптарына сай болуы керек.

Жалпыкәсіптік құзыреттіліктер:

- тәжірибе жүзінде заңдық аспектілерді өз қызметінің құрылысында, бизнесте, ПК-1 секторында қолдануға дайын болу;
- кәсіби тапсырмаларды ПК-2 компьютерлік технология діңгейінде қолдана білу;
- кәсіби сұрақтарды ПК-3 шешуде кем дегенде екі шетел тілін жетік меңгеруі керек;
- диалог, хаталмасу, келіссөздерді ПК-4 шет тілде шеше білу;
- кәсіби байланыстарды дамытуда ПК-5 өз мүмкіншіліктеріне сенімді болу;
- кәсіби байланыс ПК-6 шет тілінде;
- дипломатиялық құжаттар, жобалар, келісімдер, келіссөздер, ПК-7 бағдарламаларын құрастыра білу;
- көпшілікпен ПК-8 жұмыс жасау қабілетіне ие болу.

Түлектің Кәсіби-дисциплиндік құзыреттілігі:

- ғаламдық процестер мен әлемдік саясат жүйесін ПК-9 білу және түсіну;
- тарихи, экономикалық, заңдық ПК-10 халықаралық қатынастар;

- халықаралық ПҚ-11 және қауіпсіздік толқынына ілесе білу, оның ПҚ-12 ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігіне әсері;
- ғаламдық процестердің ПҚ-13 Қазақстан үшін рөлі және өзгерістері;
- әлемдік экономикалық, экологиялық, демографиялық, миграциондық процестеріне бой үйрету, әлемдік саясаттың ПҚ-14 арақатынасы;
- халықаралық қақтығыстарды шешудің заңдарын, дипломатиялық саяси-психологиялық, күш көрсету жолдарын білу;
- халықаралық қатынастардың негізгі теорияларын ПҚ-15 білу және түсіну;
- Қазақстанның сыртқы саясаттағы мәселелерінің ПҚ-16 мазмұнын білу және түсіну;
- шет елдердің сыртқы саясаттағы басты бағыттарын білу және Қазақстанмен арақатынасындағы ПҚ-17 рөлі;
- көпжақты және интеграционды дипломатияның ПҚ-18 механизмдеріне сай болу;
- дипломатиялық этикет пен протоколдағы білімін ПҚ-19 тәжірибеде қолдану;

Халықаралық қатынастардың бакалавры жалпы кәсіби тұрғыда келесі талаптарға жауап береді:

- гуманитарлы, әлеуметтік-экономикалық салада терең білімге ие, кәсіби қызметте ПҚ-20 сәйкес келу;

- саяси, заңдық, әлеуметтік-гуманитарлы саламен кәсіби қызметте ПҚ-21 таныс болу;

- негізгі ғылыми талдау және әртүрлі құбылыстарды болжау, оларды сапалы қолдану, әлеуметтік зерттеу мақсатын анықтай білу, ПҚ-22 салааралық жоба жұмыстарына дайын болу;

- ойлау мәдениетіне ие және халық алдында сөйлей білу, өз ойын ауызша және жазбаша түрде тіркей білу, ПҚ-22 кәсіби талқылауларға қатысу;

- оқу бағдарламасының аяқталуына байланысты өз алдына оқу бағдарламасын бітіру, өз білімдерін ақпараттық технология ПҚ-23 сәйкес кеңейту.

2.3 Бітірушінің біліктілік үлгісі «5B020200 – Халықаралық қатынастар»

Бітіруші келесі жалпы мәдени күзiреттерге (ЖҚ) ие болуы керек

Жалпы білімділік

- Ойлау мәдениеті мен ой өрісінің кеңдігімен жоғары білімді тұлға қалыптастыруға көмектесетін табиғи ғылыми (әлеуметтік, гуманитарлы, экономикалық) пәндер саласында базалық білімінің болуы (ЖҚ1)
- Заманауи техниканы пайдалану дағдысына ие болуы, ақпараттық технологияларды кәсіби қызмет саласында пайдалана білу (ЖҚ2)
- Күнделікті кәсіби қызмет және магистратурада білім алуын жалғастыру үшін қажетті жаңа білімдерді алу дағдасын игере білу (ЖҚ3)
- Денсаулықта нығайту және дене тәрбиесі әдістерін өзіндік, әдістемелік дұрыс қолдану құралдарын игере білуі, толық әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін физикалық дайындықтың қажетті деңгейіне жетуге дайындығы (ЖҚ 4)

Әлеуметтік-этикалық күзiреттер:

- Қоғамдық ой, дәстүр, салт, қоғамдық нормаларда негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білуі және өзінің кәсіби қызметін оларға бағыттауы (ЖҚ5)
- Искелік этиканы нормаларын сақтау, тәртіптің этикалық және құқықтық нормаларын білу (ЖҚ6)
- Қазақстанның салт-дәстүрі мен мәдениетін білу (ЖҚ7)
- Әлемнің барлық халықтарының салт-дәстүріне, мәдениетіне төзімді болу (ЖҚ8)
- Қазақстанның заңы мен құқықтық жүйесінің негіздерін білу (ЖҚ9)
- Қоғамның әлеуметтік дамуының тенденциясын білу (ЖҚ10)
- Түрлі әлеуметтік жағдайларда адекватты бағыттала алу (ЖҚ11)
- Командада жұмыс істеуге қабілетті болуы, өз көзқарасында биязылықпен тұруы, жаңа шешімдер ұсыну (ЖҚ12)

- Ымыраға келе білуі, өз пікірін ұжым пікірімен келтіре білу (ЖҚ13)
- Кәсіби және жекелей өсуіне ұмтылу (ЖҚ 14)

Экономикалық ұйымдастыру-басқару құзіреттері:

- Экономикалық білім негізін игеруі, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы ғылыми түсініктерге ие болу (ЖҚ15)
- Экономиканың мемлекеттік реттеу дің мақсаттары мен әдістерін, мемлекеттік сектордың экономикадағы рөлін білу және түсіну (ЖҚ16)
- *Әлеметтік, экономикалық, кәсіби рөлдер ауысымының, өзгеріс пен белгісіздіктің үдемелі динамизм жағдайында географиялық және әлеуметтік мобильділіктің дайындығы:*
- Заманауи ақпараттық ағындарда бағдарлана және әлемдік экономикадағы өзгермелі көріністер мен үдерістерге бейімделене алу (ЖҚ17)
- Кәсіби қызметке байланысты әр түрлі жағдайлар мен шарттарда икемді және жинақы болу (ЖҚ18)
- Белгісіздік пен тәуекел жағдайларда экономикалық және ұйымдастыру сипатты шешімдерді қабылдау дағдысына ие болу (ЖҚ19)

Бітіруші келесі **кәсіби құзіреттерге (КҚ)** ие болуы керек:

Ғылыми-зерттеу қызметі:

- Ақпаратқа байланысты негізгі концепцияларды, принциптерді, теорияларды және факттарды түсіну (КҚ-1)
- Зерттеулердің пайдаланатын әдістері есебімен өзінің заттық саласында қалыптасуға қабілеттілігі (КҚ-2)
- Кәсіби қызмет объектілерін зерттеудің әдістері мен аспаптық құралдарын пайдалануға дайындығы (КҚ-3)
- Қабылданатын жобалы шешімдерін негіздеу дайындығы, олардың тиімділігі мен орындылығын тексеру бойынша эксперименттерді орындау және қойылымын жүзеге асыру (КҚ-4)
- Презентацияларды дайындай, орындалған жұмыстың нәтижесі бойынша ғылыми-техникалық есептерді рәсімдей, ғылыми-техникалық конференцияларда мақала мен баяндама түрінде зерттеулердің нәтижесін жариялай білу (КҚ-5)

Талдамалы қызмет:

- Бағдарламалы жобаның заттық облысын қалыптастыру және бағдарламалық өнімнің құрауыштары үшін спецификациясын жасау қабілеттілігі (КҚ-6)
- Қиыншылық, тәуекел, шығындар дәрежесінің бастапқы бағасын орындау және жұмыс кестесін құру қабілеттілігі (КҚ-7)
- Коммерциялық ұсыныстарды шешім нұсқаларымен дайындау қабілеттілігі (КҚ-8)

Жобалы қызмет:

- ЭЕМ және жүйенің архитектурасымен танысу (КҚ-9)
- Информатика және бағдаламалаудың негізін бағдарламалық өнімдердің жобалауға, құрастыруға және тестілеуге қолдана алу (КҚ-10)
- Оқылған шығыс кодының, құжаттаманың басты ойын шығару, оқу және түсіну дағдылары (КҚ-11)
- Бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастыру формалды әдістерін қолдану, үлгілеу және талдау дағдылары (КҚ-12)
- Бағдарламалық қамтамасыз етудің уақытылы және сыйымдылықты қиындығын бағалау қабілеттілігі (КҚ-13);
- Бағдарламалық интерфейстер құру қабілеттілігі (КҚ-14)

Технологиялық қызмет:

- Операциялық жүйелерді, желілік технологияларды, бағдарламалық интерфейстерді жасау құралдарын пайдалану, формалды спецификация тілдері мен әдістерін, мәліметтер базасымен басқару жүйесін қолдану дағдылары (КҚ-15)
- Бағдарламалық қамтамасыз етуін өңдеудің түрлі технологияларын пайдалану дағдысы (КҚ-16)

Өндірістік қызмет:

- Бағдарламалық қамтамасыз етуін өңдеудің негізгі әдістері мен құралдарын қолдана білу (КҚ-17)
- Бағдарламалық қамтамасыз етудің сапасының концепциясы мен атрибуттарын түсіну (сенімділік, қауіпсіздік, пайдалану ыңғайлығы), соның ішінде адамдардың, үрдістердің, әдістердің, құралдардың және сапа қамтамасыз ету технологиялары (КҚ-18)
- Өмірлік циклдің стандарттары мен үлгілерін түсіну (КҚ-19)

Ұйымдастыру-басқару қызметі:

- Жобалармен басқаруда менеджмент үлгісі мен классикалық концепцияларды түсіну (КҚ-20)
- Талаптарды өңдеу үрдістерін басқару әдістерін, тәуекел бағасын, алуды, жобалауды, құрастыруды, тестілеуді, эволюцияларды түсіну (КҚ-21)
- Бағдарламалық инженерия үшін топтық динамика, психология және кәсіби тәртіп негіздерін түсіну (КҚ-22)
- Жобаны бақылау әдістерін түсіну және нұсқа бақылауын жүзеге асыра білу (КҚ-23)

Сервистік – эксплуатациялық қызмет:

- Негізгі концепцияларды, эволюция үлгілерін және бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуді түсіну (КҚ-24)
- Техникалық көзқарас ретінде, бизнестік көзқарас ретінде де эволюциялық қызмет ерекшеліктерін түсіну (мұрагерлік жүйелермен жұмыс, қайтпалы жобалау, реинженеринг, миграция и рефакторинг) (КҚ-25)

Бітіруші келесі арнайы құзіреттерге (АҚ) ие болуы керек:

- Есептік техника мен бағдарламалаудың дамуының негізгі тенденцияларын түсіну (АҚ1)
- Бағдарламалық жүйелерді жобалаудың әдістерін және олардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерін орындай білу (АҚ2)
- Негізгі түсініктерді, заңдарды және теориялық информатика әдістерін білу (АҚ3)
- Бағдарламалық алгоритмдердің инженерлік жобалауын және алгоритмдерді жасау әдістерін білу (АҚ4)
- Апат, зілзала, табиғи апат және басқа төтенше жағдайлар есебінен жоюдың негізгі техникалық және ұйымдастыру шараларын пайдалану қабілетілігі (АҚ5)
- Кәсіби қызметті құқықтық реттеу негіздерін білу (АҚ6)
- Тұлғаның, тұлғалық қатынастардың психологиясын, кіші топтардың психологиясын білу (АҚ7)
- Ақпаратты өңдеу үрдістерін қалыптастыру және алгоритмдау үшін үлгілеу әдістерін және құралдарын және дәлдік бағасы мен нәтижелердің дұрыстығымен ЭЕМ-да статистикалық үлгілеу үшін алгоритмдерді тұрғыза білу (АҚ8)

4 Оқу бағдарламасының мазмұны

«Халықаралық қатынастар» бағытының оқу бағдарламасы жыл сайын Қазақстанның халықаралық байланыстарының дамуы мен жаңаруына, оның рөліне сәйкес құрылып,

жаңартылып отырады, ал өзгерістер Мемлекеттік стандартқа сай ҚР БҒМ бұйрығымен енгізіледі.

Оқу бағдарламасының құрылымы бағдарламаның мақсатын, қорытындысын, білім беруін, құзыреттілікте көрсетілген сатылардан тұрады. Оқу бағдарламасы 2013ж дейін жалпы жүйеде қарастырылса, 2013ж бері модульды білім беру бағдарламасы енгізілді.

«Халықаралық қатынастар» оқу бағдарламасының бағыттары:

- 1) теоретикалық білім беру, жалпыбілімдік, базалық, жеке салалардан тұрады;
- 2) қосымша білім беру- кәсіби тәжірибенің әртүрлілігі, дене мәдениеті, факультативті курстар және т.б.;
- 3) аралық және қорытынды аттестация.

Оқу бағдарламасы үш блокты саладан тұрады: ООД, базалық салалар, жеке салалар, сонымен бірге 45% және 55% тұратын – элективті компонент. ҚР-ның бұйрығына сәйкес циклды саланың көлемі кеңейтілді: ООД- жалпы сағаттың 25% немесе 33 кредиттен; БД- жалпы сағаттың 50% немесе 64 кредиттен, ПД- жалпы сағаттың 25% немесе 32 кредиттен оның 5 кредиті міндетті компонентке тиесілі, 27 кредиті- таңдалынған пән компонентіне тиесілі.

Мамандықтың оқу бағдарламасына кіретін модульдің бірнеше түрі бар: жалпыміндетті модульдер, мамандық бойынша міндетті модульдер, элективті модульдер. Оқу бағдарламасындағы қызметтің түрлерінің көптігі қосымша модульдерден көрінеді, оған барлық тәжірибе, ғылыми-зерттеушілік жұмыс, дипломдық жұмысты жазу және қорғау кіреді.

Оқу бағдарламасының сәттілігі студенттердің аудиториялық және жеке жұмыстарын ұйымдастыра білумен байланысты. Аудиториялық және жеке жұмыстың қатынасы университеттің бакалавры- 1:2 құрайды. Сонымен бірге, 25-50% -ын оқытушымен бірге жүзеге асады. Жеке жұмыс екі түрде іске асады: оқытушының басшылығымен студенттің жеке жұмысы және студенттің жеке жұмысы. Жеке жұмыстың көлемі әр оқу орнының ректорының бұйрығымен, мамандыққа сәйкес бөлінеді. Жеке жұмыс УМКД, силлабус, кредит пен сағаттардан құрылады. Гуманитарлы және әлеуметтік-экономикалық саланың көп бөлігі студенттің жеке жұмысында теоретикалық материалдарды, қосымша әдебиеттерді оқуға, бірінші ақпарат көздерін қолдануына бағытталған. Базалық салада жеке жұмыс саяси процестерге талдау жасай білуге, глоссарий құруға, халықаралық қатынастар материалдарының контент-талдауы, шет ел бұқаралық ақпараттарына талдау жасау. Мамандық дисциплинасы бойынша- СРС барлық ұйымдастырушылықтан тұрады- теоретикалық материалдарды терең сіңіру, білімін тексеретін тесттер жасау, ситуациялық тапсырмалар шешу, оқиғаларға болжау жасай білу және т.б.

Оқу бағдарламасының электив саласын орындауда жоо-ын еркін академиялық принципке сүйенеді; элективті сала конкурсты негізді жүзеге асады.

«Халықаралық қатынастар» мамандығы оқу шекарасын таңдауда таңдалынған саланы терең және толық меңгеруге жол ашады. 2012-2013оқу жылында бакалавриаттар 2 оқу саладан тұрды: халықаралық қатынастар тарихы және халықаралық қатынастар теориясы. Осы шеңберде кафедраның шешімімен элективті курсы енгізілді, ол бітірушілер үшін маңызды болды. Оқу модульдері «Халықаралық қатынастар теориясы», «Халықаралық қатынастардың негізгі тенденциялары», «Дипломатиялық этикет және протокол», «Дипломатиялық құжаттама», «ҚР-ның ішкі саясаты», «Қазіргі замандағы интеграция және қақтығыстар», «Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан», «Жахандану және геосаясат» т.б.тұрды.

Үздіксіз оқу процесінде (бакалавриат – магистратура) басты рөлді дисциплина ойнайды, ол кәсіби модуль құрамына кіреді. Бакалавриатта оқытылатын пәндер, келесі оқу деңгейі- магистратурада жалғасады. Мысалы, бакалавриаттың «Халықаралық қатынастағы діни экстремизм сұрақтары» магистратурада «Халықаралық қатынастар жүйесіндегі діни фактор» пәнімен жалғасады. Сонымен бірге, пәндердің академиялық байланысын іске асырады.

Элективтік пәндерді оқыту ғылыми- әдістемені жүйелік аудитпен қамтамасыз етеді. Кемінде жылына бір рет ғылыми- әдістемелік пәндер факультет және университет кеңесінің тексеруінен өтеді.

«Халықаралық қатынастар» мамандығы таңдаған мамандықты терең әрі толыққанды қамту үшін арнайы оқу траекториясын ұсынады. 2016-2017 оқу жылынан бастап, инновациялы-кәсіпкерлік ЖОО айналу - университеттің жаңа концепциясын жүзеге асыруда 5B020200 «Халықаралық қатынастар» мамандығының бакалавриат бағдарламасына келесі кәсіпкерлік модульдер кіреді:

1.1 Әлеуметтік-басқарушылық модуль 1

Introduction to business

Innovation

1.2 Әлеуметтік-басқарушылық модуль 2

Кәсіпкерліктің негізі

Бизнес этика

1.3 Әлеуметтік-басқарушылық модуль 3

Introduction to business

Шығыс елдерінің тілі, мәдениеті және бизнесі (мысалы, Қытай және Түркия)

2.1 Халықаралық экономикалық қатынастар

Халықаралық бизнес

Мамандандырылған аймақтардың экономикасы

2.2 Ақпараттық-басқарушылық модуль

Бизнес коммуникациялар

Excel бизнес үшін

3.1 Экономикалық-басқарушылық модуль 1

Маркетинг

Менеджмент

3.2 Экономикалық-басқарушылық модуль 2

Басқару психологиясы

Баға және бағаның пайда болуы

4.1 Мамандандырылған елдердің тіліндегі бизнес коммуникациялар

Мамандандырылған елдердің іскерлік қатынастағы этикасы

Мамандандырылған елдердің тілінде іскерлік хат алмасуы

4.2 Ұйымдастырушылық-құқықтық модуль

Кәсіпкерлік құқық

Интеллектуалды меншік құқығы

5.1 Мамандандырылған елдердің тіліндегі бизнес коммуникациялар

Кәсіби қытай (түрік) тілі

5.2 Кәсіпкердің Self тиімділігі

Эмоционалды және әлеуметтік интеллект

Көшбасшылық

5.3 Технологиялық стратап

Инновациялық процестерді басқару

Технологиялық стартаптық дамуы

2017-2018 оқу жылынан бастап әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің жалпыуниверситеттік компоненттері қосылады:

Логика және сыни ойлау
Қоғамдық процестерді басқару
Академиалық хат
Шығармашылық ойлау
Әлеуметтану және саясаттану

Аталған курстар мамандықтың элективті курстарымен (базалық және арнайы) тығыз байланысты: Халықаралық ұйымдар, ХҚ қазіргі мәселелері, «Қырғи қабақ соғыс» және «жалпы нарық», Еуро одақтың дамуының негізгі кезеңдері, Әлемдік діндер тарихы, Орталық Азиядағы ұлттық қауіпсіздік мәселесі, Жаһандану үрдісінің континенталды және мемлекеттік ерекшеліктері, Қазіргі ХҚ қалыптасуына жаһанданудың әсері, ХҚ заманауи жүйесіндегі Орталық Азия, Орталық Азиялық регионализм және геосаясат, Еуразиялық интеграция: тарихы және заманауилығы, Еуропа мен Орталық Азияның қарым-қатынасы, ҚР Президенті - ұлт көшбасшысының сыртқы саяси инициативасы, Еуразиядағы саяси үрдістер, АҚШ және халықаралық қауіпсіздік, Қазақстанның Ресей және Қытаймен қатынасы.

Сонымен қатар, шет тілінің деңгейін көтеруге бағытталған көптілді білім беру курсының концепциясына өту (Арнайы мақсаттағы ағылшын, Шығыс тілінің негізі (Қытай\Түрік), Арнайы мақсаттағы шығыс тілі, Кәсіби шығыс тілі, Қытай\Түрік тілінің саяси лексикасы, Дипломатиялық қызметтегі шығыс тілі (Қытай\Түрік), Мамандандырылған елдердің шет тілі (Қытай\Түрік), Мамандандырылған елдердің практикалық шет тілі (Қытай\Түрік), Кәсіби Қытай\Түрік тілі, Дипломатиялық Қытай\Түрік тілі, Кәсіби қолданыстағы шығыс тілі, Іскерлік шығыс тілі, Қазіргі замандағы шығыс тілі, және ағылшын тілінде өтетін пәндер (Theory of international relations, The process of formation national states, Problems of modern diplomacy, Political system and diplomacy, "Great Game" in Central Asia in the XX century", Western Diplomacy in Chinese Central Asia in 1920-1940s.).

Оқытуға берілген элективті пәндердің сапасы оқу-әдістемелік жүйенің аудитімен қамтамасыз етіледі. Оқу-әдістемелік пәндедің комплексі университет пен факультет ұйымдары мүшелерінің арасында кемінде жылына бір рет талқыға түседі.

Жалпығылыми дисциплинаның циклі- кредит саны -33, міндетті компонент-33. Циклға кіретін пәндер: Қазақстан тарихы, Философия, Информатика, Экология және тұрақты даму, Әлеуметтану, Саясаттану, Құқық негіздері, Өмір сүру қауіпсіздік негіздері, Қазақ тілі, орыс тілі, Шет тілі. Бұл пәндер әлеуметтік, ақпараттық деңгейдің дамуына бағытталады.

Базалық пәндердің циклі- кредит саны 69, міндетті компонент – 20, таңдалынған компонент – 49. БД оқытуда студенттер кәсіби қазақ немесе орыс тілін білуі керек, кәсіби-бағыттаулы шет ел тілін, жаңа және қазіргі шет елдердің тарихын, дипломатиялық және консулдық қызмет, жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихын дипломатиялық құжаттаманы меңгеруі керек. Бұл цикл жалпыкәсіби компетенцияны дамытуға бағытталған, халықаралық қатынастар талдауында теориялар мен концепцияларды қолдану, ақпараттарды сақтау өңдеу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді мемлекеттік, орыс немесе шет тілде жеткізе білу.

Жеке пәндер циклі- кредит саны- 32, міндетті компонент – 5, таңдалынған компонент - 27. ЖП циклында студенттер кәсіби компетенция алуға міндетті, ол ХҚ саласында жұмыс істеуге жол ашады, шет ел тілдерін меңгеруі керек, қорытынды жасай білу, халықаралық қатынастар мәселелеріне талдау жасай білу және оны Қазақстан жағдайында қолдана білу, ғылыми негізделген тәжірибелік ұсыныстарды өңдей білу, Қазақстанның пайдасына шеше білу. Жеке пәндер циклына ҚР-ның сыртқы саясаты, Көпжақты дипломатия, Дипломатиялық этикет және протокол, Әлемдік интеграция процестері, Кәсіби

қолданыстағы ағылшын тілі, Кәсіби қолданыстағы шығыс тілдері(түрік тілі, қытай тілі) және т.б.

Тәжірибелік оқыту компоненті барлық пәнге СӨЖ түрінде енгізілген. Кәсіби тәжірибе – кредит саны 8, олар оқулық, өндірістік және дипломалды тәжірибе болып бөлінеді.

Оқу тәжірибесі жоғары оқу орнының ғимаратында немесе халықаралық ұйымдарда өткізіледі.

Өндірістік тәжірибе студенттердің кәсіби қызметімен танысуы үшін әртүрлі мемлекеттік орындар мен халықаралық құрылыстар, жеке меншік кәсіпорындармен қызмет бастауға мүмкіндік береді. Тәжірибеден өтетін студенттер ресми құжаттармен жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Тәжірибе құрамына мысалы ПРО БҰҰ, КН ҚР БҒМ шығыстану институты.

Академиялық күнтізбе теоретикалық оқыту, экзамендік сессия, аттестация, кәсіби тәжірибе, демалыс күндерінен тұрады.

Студенттердің Академиялық мобильділігін дамыту үшін оқу бағдарламасының негізі «Халықаралық қатынастар» мамандығының оқылушыларына қазақстандық ECTS кредиттерге көрсетелген.

Оқу орнындағы элективті пәндердің өзгерістері УМК пәндерін қайта қараумен оны базаға қайта енгізумен жүзеге асады. Пәндердің өзгеріске ұшырауына кафедра меңгерушісі тікелей басшылық етеді.

ТУП және КЭД негізінде мамандық бойынша студент эдвайзердің көмегімен жеке оқу шекарасын белгілейді. . Бұл, өз кезегінде, әр студенттің жеке оқу бағдарламасында көрініс табады.

«Халықаралық қатынастар» білім беру қызметінің нәтижелері қазіргі заманғы еңбек нарығымен, мемлекет пен оның өңірдегі қарым-қатынасының қазіргі жағдайын ескере отырып түзетілген, олар студенттер мен түлектердің білім алу қажеттіліктерін есепке ала отырып, жұмыс берушілердің талаптары мен ғалым-шығыстанушылардың сараптамалық қорытындысына негізделеді.